



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Ф 017-2.84-2022

31.10.2022 ж.

Түсу емтиханының бағдарламасы
нормативтік құжат түрі



«БЕКІТІЛДІ»


ҚР МСМ МК «Темірбек Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы» РММ Ғылыми
Кенесінің шешімімен

«27» 04.2023 ж.

№11 хатама

**7M02188 «СӘНДІК ӨНЕР» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА
ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2023

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	Түсу емтиханының бағдарламасы нормативтік құжат түрі	

1. ӘЗІРЛЕНДІ


Беристенов Ж.Т. философия ғылымдарының кандидаты, ЖАК профессор.


Базарбаева Р.Е. ЖАК профессор.

2. ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Сәндік өнер» кафедрасының отырысында талқыланып бекітілді
« 04 » 04 .2023ж. Хаттама №9

3. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор  **Қ.З.Халықов**

ЖОО кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы  **А.А.Кульшанова**

ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің басшысы  **Ж.А.Тлеулинова**

Магистратураның арнайы пәні бойынша түсу емтиханының бағдарламасы жоғары білімнің алдыңғы кезеңінің (бакалавриат) бағдарламасы көлемінде құрылады.

I. Магистратураға түсушілер мына жағдайларды білуі керек:

Магистрант бейнелеу өнері тарихының мазмұны туралы, композицияның негізгі заңдылықтары туралы, түс теориясы туралы, ғылымның дамуындағы негізгі кезеңдердің негізгі жетістіктері және оқыту әдістемесі туралы білімге ие болуы керек:

білуі керек:

- ғылымның жалпы мазмұны және даму кезеңдерінің негізгі жетістіктері мен оқыту әдістері туралы түсініктерінің болуы ;
- талдап, түсіндіріп, маңызды аспектілерге назар аударуы.

білу мен түсінудің маңызы

- ұлттық өнер тарихын бағалаудың әртүрлілігін, дәйекті мәліметтер арқылы өз көзқарастарын тұжырымдау.

іскерлігі болуы керек:

- Ғылыми әдіснаманы білу;
- жаңа техникалық құралдар, Интернетке қосылуәрдайым жұмыс істеу және оқу қабілетіне ие.
- Ғылыми аппараттың көркем және ғылыми жүйесін құра алуы;
- эксперимент тәртібінің негізгі сипаттамалары,
- өнер туралы білім эксперименттік мәліметтермен дәлелденеді.

дағдысы болуы:

Құрылымы мен қызметі туралы әдістемелік білімнің жалпы тұжырымдамасы:

- аппараттың көркем және ғылыми жүйесін зерттеу құрылымы;
- экспериментті өткізудің негізгі сипаттамалары;
- өнер тарихының жүргізіліп жатқан эксперименттерін дәлелдеу мүмкіндігі.

білікті болуы:

ғылыми зерттеулерге талдау жасау мүмкіндігі. Автордың өз позициясын қорғай білуі.

Қабылдау емтиханы магистратура және кафедра (сәндік-қолданбалы өнер) мамандықтары бойынша түсу емтихандарын өткізу туралы ережеге сәйкес ауызша түрде өткізіледі.

II. Пән атауы және олардың негізгі бөлімдері

1. «Бейнелеу өнері тарихы мен теориясы» пәні

Көркем шығарманы толық мәнді түйсіне білуге тәрбиелейтін пәндердің бірі – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы». Себебі өнер тарихы сабағының мақсаты студенттерге бейнелеу өнерінің тарихи және теориялық даму процесі жөнінде тереңірек білім алып, көркем шығарманы талдауға және ол туралы өз пікірін сауатты жеткізе білуге үйрету.

Теориялық мәселелерді талдау барысында сонымен бірге мынадай проблемаларға көңіл бөле отырып, міндеттер қояды:

- бейнелеу өнер (кескіндеме, графика, мүсін өнері) мен бейнесіз, пластикалық-кеңістіктік өнер (қол өнері, дизайн, сәулет өнері), жалпы өнер түрлерінің ажыратылуы мен жіктелуі арасындағы сипаттық айырмашылықтарға мән беру және осы ерекшеліктерді жеке проблема ретінде қарастыра отырып, салыстырмалы талдаулар жасау;

- көркемөнердің синтездік қасиетін ескеру: мәдени құбылыстың ұлттық сипаты, форма мен образдың табиғи үйлесімділігі, уақыт ырғағында шындалып, тарихи бейімделудің негізінде рухани, мәдени, діни, дүниетанымдық және психологиялық, әлеуметтік тәжірибелерге байланысты қалыптасады.

«Бейнелеу өнері тарихы мен теориясы» пәні бойынша емтихан сұрақтары:

1. Есіктен табылған «Сақ алтын»- адамының қазақ руханиятындағы маңызы
2. 1960-жылдардағы Қазақстан суретшілерінің шығармашылықтарындағы ұлттық стильдік ізденістері
3. Қазақстандағы Кеңестер одағы кезеңіндегі бейнелеу өнерінің дамуы.
4. Сақтар өнерінің көркемдік ерекшелігі
5. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің ерекшелігі
6. Қазақтың дәстүрлі қолөнері және оның ерекшелігі
7. XX ғасырдағы қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің дамуы.
8. Бейнелеу өнеріндегі авангардизмнің пайда болуы.
9. Тәуелсіз Қазақстан көркемөнерінің даму ерекшелігі.
10. Қазақтың белгілі Сәндік қолданбалы өнер шеберлерінің шығармашылық жетістіктері.
11. Ежелгі Рим көркемөнері
12. XX ғасырдағы Батыс Еуропа көркемөнері.
13. Импрессионизм және Постимпрессионизмнің өнердегі жаңашылдығы
14. Ежелгі Грек көркемөнерінің тарихи маңызы
15. Романтизм мен Реализмнің көркемөнерде пайда болуы.
16. Ежелгі Шумер көркемөнері.
17. Ежелгі Египет көркемөнері.
18. Қазақстанның көркемөнеріндегі модернизм мен постмодернизмнің дамуы
19. Академизм мен классицизмнің даму ерекшелігі
20. Көркемөнердегі стиль мен ағымдар
21. Ислам өнеріндегі ренессанс кезеңі
22. Ежелгі Қытай көркемөнері
23. Қазақ ою-өрнектерінің көркемөнерде қолдану аясы.
24. Қайта өрлеу дәуіріндегі көркемөнер

25. Ежелгі Үнді көркем көркемөнері және оның Ұлы Моголдар кезеңіндегі өнерінің ерекшелігі

2.«Түс теориясы» пәні

Түр-түстің сырымен қазірде көптеген – физиология, психология, химия, лингвистика және өнертану, тұстану сияқты ғылым салалары айналысуы оның табиғатының күрделілігін көрсетеді. Түр-түстің табиғатын білу, құрамын, эталонын анықтау, қабылдау – барлық салаға, соның ішінде білім беру саласына да қажетті, практикалық маңызы зор проблема.

Сондықтан бұның бәрі түр-түсті ғылымның бүгінгі қол жеткен табыстарына сүйене отырып зерттеп, талдауды қажет етеді.

Суретшінің құзырында ғажайып табиғаттың әр түрлі түстік реңін дәл бере алатындай бояулар жоқ. Бірақ кәсіби мамандар түстердің өзара байланысы жөніндегі терең теориялық білімдерді қолдана отырып және көзбен қабылдау ерекшелігіне сүйене отырып, бейнелеудің міндеттерін шешеді. Сондықтан жас суретшінің әр заттың табиғи түсін бере алмауы айқын болады, яғни оның заттың әрбір түсін бейнелеудегі әрекеті мүмкіншілігінің аздығы айқын бола бастайды.

Бұл бағдарлама суретшінің творчестволық және композициялық жұмыстарында тұтастықты қалыптастырады және студенттердің көркем-образдық ойын өсіреді, творчестволық ізденістерін дамытады. Оқу кезінде студент көркем-сурет тілдерінің маңызды және негізгі жақтарымен таныса отырып, кескіндік бейнелеу заңдылықтары, композициялық ойлау қабілеті, эмоционалды-қамту жүйесі туралы білім алады.

Жалпы бағдарламаның мақсаты - кескіндемені студенттердің меңгеруі, көркем-суреттік ойының дамуы, өзіндік бейнелеп жазу манерасының пайда болуы, майлы бояу, акварель, темпера, гуашь бояуларының әдіс-тәсілдерін үйренуі, жеткілікті деңгейде білім алуы, болашақта білікті шебер суретші болуына көмектеседі.

«Түс теориясы» пәні бойынша емтихан сұрақтары

1. Ахроматикалық түс
2. Хроматикалық түс
3. Монохромды түс
4. Түстегі колорит түсінігі
5. Ұлттық түс туралы түсінік
6. Діни түстердің мағынасы
7. Түстердің қарама қарсылығы
8. Жақын түстер
9. Түстердің әсері мен мағынасы
10. Түстердің психологиялық әсері
11. Монохромды түс және оның шығармаларда қолданылуы.
12. Картинадағы Живописьтілікті түсінігі

13. Көркем образдың қалыптасуындағы түстің ролі.
14. Туысқан түстер үндестігі.
15. Қарама қарсы түстердің үйлесуі.
16. Түстердің психологиялық әсері мен арттерапиялық қасиеттері.
17. Қарама қарсы түстердің қайшылығы.
18. Түстердің психоэмоцианалды әсері.
19. Негізгі түстер және оның үйлесімі.
20. Ньютонның түс зерттеуінің маңызы.
21. Түстердің семантикасы.
22. Қосымша түстер
23. Түсті қабылдау психологиясы
24. Дизайнның дамуының түстерді зерттеудегі ролі.
25. Қарама-қарсы және қосымша түстер.

3.«Композиция негіздері» пәні

«Композиция негіздері» курсы – студенттерге көркемдік-шығармашылық білім беру жүйесінің негізгі бөлімі. Композициялық жұмыста – суретші қоршаған орта құбылыстарын көркем сезініп орналастыра білуді үйренеді. Бейнелеу өнерінің әр түрлі түрлері композицияны өзіндік арнайы көркемдік мәдениетпен бейнелейді. Қолданбалы сәндік безендіру өнерінде нақтылықты бейнелегенде образдылық және сәндік суретпен көрсетеді.

Композициялық көрініс – біріншіден арнайы композициялық білімді талап етеді. Қолданбалы-сәндік өнерінің жалпы облысы gobelen, кілем, мата, ши, киіз, жібек матадағы сурет, орамалдар мен тағы басқа тоқыма бұйымдарды, қыш, ағаша, зергерлік бұйымдарды ұсынады. Сәндік өнер бұйымдарды жаңа өмір талабына сай безендіре білу керек. Сәндік суреттердің жаңаша туындауы мәдениеттің дамуына негізгі творчестволық қадамы болып табылады. Осы проблеманы шешуге оқу процессінде творчестволық композициялық жұмыс негізгі орын алады. Сәндік өнерінің ою-өрнек композициясын үйрету «Композициянегіздері» базистік білімінен басталады.

«Композиция негіздері» пәні бойынша емтихан сұрақтары

1. Ою-өрнек өнерінің заңдары мен заңдылықтары
2. Динамикалы композицияның ерекшелігі
3. Статикалы композицияның ерекшелігі
4. Өрнектің заңдылықтарға бағыну ерекшелігі
5. Композициядағы контраст заңдылықтары
6. Қазақ ою-өрнегінің өзіндік ерекшелігі
7. Оюлардың түрлері және композицияда орналасуы.
8. Композицияның структурасы
9. Ою-өрнек өнеріндегі ырғақтың (ритм) ролі.

10. Композицияның негізгі заңдары мен ережелері.
11. Композицияның негізгі заңдары
12. Заттық ою-өрнек
13. Композициядағы контраст пен бағыну заңы
14. Композициядағы графикалық тәсілдер
15. Ою - өрнектің жіктелуі және оның сипаттамасы
16. Контраст ұғымы
17. Композицияда метр ырғағын қолдану
18. Сәндік өнердегі симметрия және асимметрия
19. Композиция анықтамасы
20. Динамикалық раппортты композициялар
21. Ахроматикалық раппортты композициялар
22. Ою-өрнектер композициясының тепе-теңдік заңы
23. Ою-өрнектер мен рәміздердің айырмашылығы
24. Сәндік-қолданбалы өнер композициясының ерекшеліктері
25. Сәндік өнердегі статика мен динамиканың ерекшеліктері

III. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Моран А. История декоративно-прикладного искусства. М., 1982.
2. Соколов Т.М. Орнамент –почерк эпохи. Л. .: Аврора, 1972.
3. Орнамент всех времен и стилей. В2-х т. М. : арт-Родник, 2002.
4. Пюевеев Д. Орнамент кочевых народов//ДИ СССР. 1971.8
5. Масленицыны С.А. Искусство Ирана.Л.:Аврора,1975.
6. Федоров-Давыдов Г. А. Искусство кочевников и Золотая роды.М.: Искусство,1976
7. Байжигитов Б.К. Бейнелеу өнеріндегі философиялық проблемалар. Алматы; ғылым,1988
8. Козлов В.Н. «Основы художественного оформления текстильных изделий» Учебник для ВУЗов, Москва , Легкая и пищевая промышленность 1981
9. Фрилинг Г., Ауар К. Человек - цвет - пространство. М., 1973.
10. Кринский В. Ф. и др. Элементы архитектурно-пространственной композиции /Кринский В. Ф., Ламцов И. В., Туркус М. А. М., 1968.
11. Козлова Т. В. Основы художественного проектирования изделий из кожи. М., 1975.
12. Козлова Т. В. Культура современного костюма. М., 1977.
13. Чекалов А. О композиции интерьера.- Декоративное искусство СССР.1962, · 2, с. 19-24.
14. Козлов В. Н. Моделирование женского платья из ткани с рисунком полос. М., 1961.
15. Маргулан А., «Казахское Декоративно-Прикладное искусство том I, II,III»
16. Акишев К., «Древнее золото Казахстана», Алматы: пер, 1993
17. Ибраева К.Т., «Казахский орнамент», Алматы: пер,1994г.

18. Соколова Т. Орнамент - почерк эпохи. Л., 1972.
19. Соколов А. Н. Теория стилей. М., 1968.
20. Прусс И. Е. Западноевропейское искусство XVII века. Москва; Дрезден, 1974.
21. Каган М. С. О прикладном искусстве, Л., 1961.
22. Герчук Ю. Что такое орнамент - Декоративное искусство, 1978, · 1, с.29-31.
23. Шубников А. В., Копцик В. А. Симметрия в науке и искусстве. Л., 1972.
24. Моль. А. и др. Искусство и ЭВМ/Моль А., Фукс В., Каслер М. М., 1977.
25. Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. М., 1974.
26. Грегори Р. Л. Глаз и мозг. Психология зрительного восприятия. М., 1970.
27. Зинченко В. П. Продуктивное восприятие - Вопросы психологии. 1971, 6, с. 27-42.
28. Розёнблум Е. Художник в дизайне. М., 1974.
29. Шугаев В. М. Орнамент на ткани. М., 1969.
30. Борисовский Г. Б. Красота и стандарт. М., 1968.
31. Раппопорт С. Х. Неизобразительные формы в декоративном искусстве. М., 1968.
32. Выготский А. С. Психология искусства. М., 1968.
33. Фаворский В. А. О рисунке и композиции. Фрунзе. 1966.
34. Соколова Т. Орнамент - почерк эпохи. Л., 1972.
35. Соколов А. Н. Теория стилей. М., 1968.